«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

020000, Көкшетау қ., Сәтпаев к., 1-үй, Б корпусы
Тел: 8 (7162) 251493 Факс: 256278
E-mail: fink.kokshe@minfin.gov.kz

020000, г. Кокшетау , ул. Сатпаева, 1, корпус Б
Тел: 8 (7162) 251493 Факс: 256278
E-mail: fink.kokshe@minfin.gov.kz

13.07.2018 № 05/ЮЛ-А-505

«СК «КазСтройИнновац» ЖШС
Астана қаласы Целинный шағын ауданы
Александр Пушкина көшесі 1 үй

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Ақмола облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті (одан әрі - Департамент) Сіздің 2018 жылғы 29 маусымдағы №30-06 (03.07.2018 жылғы кіріс №ЮЛ-А-505) ұйымдастырушысы Степногорск қаласының білім бөлімінің "Заводской кентінің орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (одан әрі - Ұйымдастырушы) ашық конкурс тәсілімен Заводской кентінің орта мектебінің екі қабатты ғимаратының шатырын ағымдық жөндеуі №2581493-1 мемлекеттік сатып алуын жүргізуі барысында ҚР Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының нормаларының бұзылуы жіберілген сұрақтары бойынша арызыңызды қарастырып келесі ақпаратты жолдайды. Шағымда көрсетілген дәлелдер өз растауын тапты.

Камералдық бақылау жүргізудің нәтижесі бойынша келесі бұзушылықтар анықталды.

2018 жылғы 29 маусымдағы №2333775 қорытындалар хаттамасы бойынша конкурстық комиссиямен келесі әлеуетті өнім берушілерге қатысты жұмыс тәжірибесінің болуына байланысты шартты бағалардың келесі мәндері анықталаған:

"Ил-44" ЖШС – 3% (3 ж.);
"Arnau Group Ltd" ЖШС – 3% (3 ж.);
"СК "КазСтройИнновац" ЖШС – 0%

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығының (ары қарай - Қағида) 155 тармағына сәйкес «Егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер конкурстың нысанасы құрылыспен байланысты емес жұмыстар болып табылған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстардың түрлеріне ұқсас (сондай) келесі орындалған әрбір жұмыс үшін нөл бүтін оннан екі (0,2 %) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді».

Жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты бағаға пайыздық әсерді конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

Қағиданың 155 тармағын бұза отырып конкурстық комиссиямен келесі әлеуетті өнім берушілер "Ил-44" ЖШС, "Arnau Group Ltd" ЖШС, СК "КазСтройИнновац" ЖШС қатысты жұмыс тәжірибелерінің болуына байланысты шартты бағалары дұрыс анықталмаған.

Камералдық бақылау нәтижесі бойынша әлеуетті өнім берушілердің жұмыс тәжірибелерінің болуына байланысты шартты бағалары қайта есептелді.

- "Ил-44" ЖШС - 2014 (2 жұмыс), 2015, 2016 (2 жұмыс), 2017 (4 жұмыс), 2018 жылдар аралығында жұмыстардың түрлеріне ұқсас (сондай) жұмыс тәжірибелерінің болуын растайтын құжаттары бар, яғни шартты бағалардың мөлшері – 6% (5 жыл);
- "Arnau Group Ltd" ЖШС 2017 жылы жұмыстардың түрлеріне ұқсас (сондай) жұмыс тәжірибелерінің болуын растайтын құжаттары бар, яғни шартты бағалардың мөлшері – 1% (1 жыл);
- "СК "КазСтройИнновац" ЖШС 2012, 2013, 2014, 2015, 2016, 2017, 2018 жылдар аралығында, жұмыстардың түрлеріне ұқсас (сондай) жұмыс тәжірибелерінің болуын растайтын құжаттары бар, яғни шартты бағалардың мөлшері – 7% (7 жыл).

2018 жылғы 29 маусымдағы №2333775 қорытындалар хаттамасы бойынша конкурстық комиссиямен "Arnau Group Ltd" ЖШС әлеуетті өнім берушісіне қатысты сапа менеджменті жүйесінің ұлттық стандарттарға сәйкестігі құжаты бойынша – 2% және экологиялық менеджмент жүйесінің ұлттық стандартқа сәйкестігі құжаты бойынша 1% мөлшерінде шартты бағалар анықталған.

Қағиданың 157 тармағына сәйкес «Егер әлеуетті өнім берушіде сапа менеджменті жүйесінің ұлттық немесе халықаралық стандартқа сәйкестігін растайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынылған тауарларды өндірушіге, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді орындаушыға сертификаттау жөніндегі органдар, аккредиттеу жөніндегі аккредиттелген орган немесе Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын аккредиттеу жөніндегі халықаралық ұйымдар берген құжат болған кезде, конкурстық комиссия екі пайыз (2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді».

Қағиданың 158 тармағына сәйкес «Егер әлеуетті өнім берушіде қоршаған ортаны басқару менеджменті жүйесінің ұлттық стандартқа сәйкестігін растайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынылған тауарларды өндірушіге, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді орындаушыға берілген құжат болған кезде, конкурстық комиссия бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді».

Камералдық бақылау барысында "Arnau Group Ltd" ЖШС әлеуетті өнім берушісінің өтінімінде сапа менеджменті жүйесінің және экологиялық менеджмент жүйесінің сәйкестік сертификаттарының жоқ екені анықталды.

Қағиданың 157,158 тармақтарын бұза отырып конкурстық комиссиямен "Arnau Group Ltd" ЖШС әлеуетті өнім берушісіне қатысты жоғарыда көрсетілген сертификаттарға байланысты шартты бағалар дұрыс анықталмаған.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы N 221 Заңының 12 бабына сәйкес қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда Сіздің қабылданған шешімге арыз беруге құқығыңыз бар.

Басшының орынбасары **О. Омаров**

Орынд. Тулебаева З.
Тел. 40-27-44